

ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдеби-танымдық журнал

№ 3 (68)

НАУРЫЗ 2019



Әбдіжәміл
НҰРПЕЙІСОВ:
"ҚАЗАҚТЫҢ
ЧЕХОВЫ"
4-БЕТ

Қали СӘРСЕНБАЙ:
"ЖАЗУШЫНЫҢ
ЖҮРЕГІ"
16-БЕТ

Рахымжан
ОТАРБАЕВ:
"БАС" романы
72-БЕТ

Сүлеймен
ШАТҒАН:
"БҰЛТСЫЗ КҮНГІ
НАЙЗАҒАЙ"
12-БЕТ

Рахымжан ОТАРБАЕВ:

**«Сіздермен қанаттас өмір
сүргеніме бақыттымын»**

Өтежан ОТАРБАЕВ,

Інісі

БОЛМЫСЫ БӨЛЕК ЕДІ

Ағам екеуіміздің арамыз — 12 жас. Ағам бала күнінен болмысы бөлек болды. Біздің бала кезімізде Рахымжан ағам Оралда оқыды. Атамыз бен әжеміздің тәрбиесінде болды. Жазушылық үлкен әжемізден дарыды деп ойлаймын. Себебі, әжеміз ән айтып, көпшілік ортада сөз алып сөйлегенде де, сөздің майын тамызып отыратын. Оралда жүргенде бала күнімізде әжеміз:

«Самауырын салдым қайнарға,
Оралдағы байларға.
Аман болсақ, қарғам келер,
Осы туған айларда» деген секілді өлеңдер айтып отыратын.

Бала күнінен-ақ ағамыздың тілі өткірлеу болды. Оқудан келгенде қой қамайтын қорада

бізбен бірге ойнайтын, бізге құмалақ жината-тын. Тобығымыздан қағып, қалай секіру керек екенін көрсететін. Ол күнде біз баламыз. Бізге түрлі дүниені үйрететін. Атқа бірге мініп, ойнау-шы едік.

Мен оқуды 1984-85 жылдары бітірдім. Сол жылдары ағам Алматыға алып кетемін, мал дәрігерінің оқуына түсіремін деді. Үйдің кенжесі болған соң әкем жанымда қалсын деп, жібермеді. Ағамыз үнемі алыста болды, бірақ, қатынасымыз өте жақсы еді. Артық сөйлеп қойсақ, ашуланып, бізді түзейтін. Көрсеткен көмегі мен қамқорлығы көп болды. Әрдайым үйіне барған кезде «айналайын» деп маңдайымыздан сипап отырушы еді...



Р.Отарбаев інісі Өтежан, жары Сәуле, ұлы Ермереймен